ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1261810 , Ғимараттарды/үй-жайларды/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау жөніндегі қызметтер сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (23-1 У, 4554992) Ғимараттарды/бөлмелерді/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау бойынша қызметтер

Тапсырыс беруші: «Қазақойл Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Ұйымдастырушы: «Қазақойл Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	23-1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ғимараттарды/бөлмелерді/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау бойынша қызметтер, Ғимараттарды/бөлмелерді/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	КОА кен орындарында Күнделікті тазалау қызметтері, сондай-ақ дезинфекциялау құралдарымен күнделікті 4 рет санитариялық өңдеу
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, месторождение Алибекмола, Кожасай
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Ғимараттарды/бөлмелерді/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау бойынша қызметтерге арналған техникалық ерекшелік

1. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің (ТЖҚ) қысқаша сипаттамасы

ТЖҚ БНА коды	812110.000.000000
ТЖҚ БНАА кодына сәйкес атауы және қысқаша сипаттамасы	Ғимараттарды/бөлмелерді/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау бойынша қызметтер

Қосымша сипаттамасы	Күнделікті тазалау қызметтері, сондай-ақ беттерді дезинфекциялау құралдарымен күнделікті 4 рет санитариялық өңдеу

2. Қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2.1. Мақсаттары мен міндеттері	Тазалау қызметтерін көрсетудің негізгі мақсаты – үй-жайларда жұмыс істеу үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау, тазалық пен гигиенаның жоғары деңгейдегі стандарттарын қамтамасыз ету. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі тиіс: • Тапсырыс берушінің барлық объектілерін уақтылы және сапалы тазалауды қамтамасыз ету; • тазалау үшін қажетті материалдар мен мүкәммалды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды уақтылы жеткізу және сақтау; • сыпайы, құзыретті және кәсіби қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.
	Орындаушы Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес барлық үй-жайлар мен аумақтарды, оның ішінде кеңселік, өндірістік, санитариялық, асхана және басқа да аймақтарды тазалау жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндетті. Қызметтер тізбесі мыналарды қамтиды:

- едендердің барлық түрлерін (еден жабындары, плитка, линолеум, кілем жабындары және басқалары) ылғалды тазалау;
- барлық жұмыс беттерін (оргтехника, жиһаз, терезе алды тақтайшалары, есік тұтқалары, жабдықтар және т.б.) тазалау және санитариялық өңдеу;
- санитариялық тораптарды, асүйлерді және басқа да санитариялық үй-жайларды тазалау және санитариялық өңдеу;
- терезелер мен терезе жақтауларын тазалау (қажет болған жағдайда ішкі және сыртқы жағынан);
- кестеге сәйкес үй-жайларды жалпы тазалау (қабырғаларды, плинтустарды және басқа да қолжетімділігі қиын орындарды жууды қоса алғанда);
- темекі шегуге арналған орындарға және тұрақты тазалауды қажет ететін басқа да аймақтарға қызмет көрсету;
- барлық объектілердің тазалығы мен гигиеналық жай-күйін қамтамасыз ету үшін қажетті құралдармен қамтамасыз ету.

Орындаушы Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес барлық үй-жайларды, оның ішінде кеңселік, тұрғын, өндірістік, санитариялық, асхана және басқа да аймақтарды тазалау жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндетті.

2.2.1. Кіреберіс тобының, дәліздер мен ортақ пайдаланылатын орындардың күнделікті тазалануы

Кіреберіс тобының, дәліздердің және ортақ пайдаланылатын орындардың күнделікті тазалануы тәулігіне 1–4 рет жүргізіледі:

- едендерді жазғы және қысқы кезеңде күніне 2 рет, көктемгі және күзгі кезеңде күніне 4 рет жуу;
- кіреберіс тобының әйнектерін, шыны есіктерін күніне 1 рет жуу;
- тамбурларды тазалау, ғимарат кіреберісінің ішкі жағындағы кірден қорғайтын жабындарды тазалау, ғимарат кіреберісіндегі гранит жабындысын сүрту – күніне 2 рет;
- ортақ пайдаланылатын орындардағы жиһазды, орындықтарды және интерьердің басқа да заттарын сүрту, жиһаздағы дақтар мен ластануларды кетіру – күніне 1 рет;
- есіктердегі (тұтқалардағы), терезелер мен терезе алды тақтайшаларындағы, қалқалардағы, плинтустардағы, қабырғалардағы, төбелердегі, жақтаулардағы, электр арматураларындағы және радиаторлардағы іздерді кетіру – күніне 1 рет;
- маңдайшалар мен бағыттаушы тақтайшаларды сүрту – күніне 1 рет;
- желдету;
- қоқыс себеттерін босату және қоқыс пакеттерін ауыстыру, қалдықтарды жинақтау орындарына шығару және контейнерлерге тиеу – күніне 2 рет.

2.2.2. Тұрғын бөлмелерді күнделікті тазалау

Тұрғын бөлмелер күніне 1 рет тазаланады:

- еденді жуу;
- жиһаздан, есіктерден, тұтқалардан, терезелерден, терезе алды тақтайшаларынан, радиаторлардан шаңды сүрту;
- кілем жабындарын тазалау;
- тазалықты қамтамасыз ету (төсекті жинау, төсек-орын жабдықтарын аптасына 1 рет немесе жаңа қызметкер қоныстанған кезде ауыстыру);
- желдету;
- қоқыс себеттерін босату;
- шығыс материалдарын (дәретхана қағазы мен дәретхана сабынын) пайдаланылуына қарай толықтыру;
- күн ішінде бөлмелердің жинақы және таза күйде болуын қамтамасыз ету.

2.2.3. Кеңсе үй-жайларын, кабинеттерді күнделікті тазалау

Кеңсе үй-жайлары мен кабинеттер күніне 1 рет тазаланады:

- жиһаздан, оргтехникадан, телефондардан және интерьердің басқа да заттарынан шаңды сүрту;
- есіктерді, терезелерді, радиаторларды сүрту;
- еденді жуу;
- қоқыс себеттерін босату және қоқыс пакеттерін ауыстыру, қалдықтарды жинақтау орындарына шығару және контейнерлерге тиеу.

2.2.4. Медициналық пункттерді күнделікті тазалау

Медициналық пункттер күніне 3 рет тазаланады:

2.2. Қызметтердің сипаттамасы	• жиһаздан, оргтехникадан, телефондардан және интерьердің басқа да заттарынан шаңды сүрту; • есіктерді, терезелерді, радиаторларды сүрту; • құрамында дезинфекциялау құралдары бар ерітінділермен еденде рді жуу; • қоқыс себеттерін босату және қоқыс пакеттерін ауыстыру, қалдықтарды жинақтау орындарына шығару және контейнерлерге тиеу. 2.2.5. Дәретхана бөлмелері мен душ бөлмелерін күнделікті тазалау Дәретхана бөлмелері күніне 4–6 рет, душ бөлмелері күніне 1 рет тазаланады: • унитаздарды, қолжуғыштарды, душ кабиналарын, биде, писсуарларды, крандар мен араластырғыштарды тазалау, жуу және санитариялық өңдеу (тотты, су және әк шөгінділерін кетіруді қоса алғанда), оның ішінде ауа тазартқыштарды желдету және /немесе пайдалану; • кафельді қабырғаларды, есіктерді, тұтқаларды сүрту; • айналарды сүрту; • еденде рді, плинтустарды, еден плиткаларын жуу; • қабырғалар мен еден плиткаларының арасындағы тігістерді тазалау; • қоқыс себеттерін босату, себеттерді сүрту, полиэтилен пакеттерін ауыстыру, қалдықтарды жинақтау орындарына шығару және контейнерлерге тиеу – ластануына қарай. 2.2.6. Баспалдақ алаңдары мен баспалдақ марштарын күнделікті тазалау

Баспалдақ алаңдары мен баспалдақ марштары күніне 2 рет тазаланады:

- баспалдақ марштарының сатыларын жуу;
- сүйеніштерді сүрту;
- баспалдақ алаңдарындағы терезелердің әйнектерін ішкі жағынан сүрту.

2.2.7. Терезелерді жуу және мерзімдік жұмыстар

Терезелерді (жылы мезгілде терезелердің ішкі және сыртқы жақтарын ашып) жылына 2 рет жуу.

Қосымша жұмыстар:

- плафондарды айына 1 рет жуу;
- қабырғаларды аптасына 1 рет тазалау және жуу;
- төбелерді айына 1 рет жуу.

2.2.8. Қолдау және қайталама тазалау

- ғимараттың кіреберіс топтарының тазалығын сақтау;
- ортақ пайдаланылатын орындардағы тазалықты сақтау;
- қоқыс себеттерін босату және қоқысты шығару;
- қабаттардағы есіктердің шыны беттеріндегі іздерді сүрту;
- дәліздер мен холлдардағы іздерді кетіру және еденді сүрту;
- айналып тексеру кестесіне сәйкес дәретхана бөлмелерін бақылау мақсатында тазалау;
- шашырау орындарындағы іздерді кетіру;
- кенеттен пайда болған ластануларды жою.

2.2.9. Техникалық және қосалқы үй-жайларды тазалау

- техникалық үй-жайларды тазалау айына 2 рет жүргізіледі;
- техникалық үй-жайлардағы еденде рді ылғалды сүрту;
- есіктерді сүрту.

2.2.10. Үй-жайларды ай сайын жалпы тазалау

Жалпы тазалау айына 2 рет жүргізіледі:

- өрмекші торларын алу, төбелік жарықтандырғыштарды сүрту;
- кеңсе үй-жайлары мен тұрғын бөлмелердегі барлық оргтехника мен тоңазытқыштарды мұқият сүрту;
- жиһаздың биік орналасқан беттерін сүрту;
- жұмсақ жиһаздар мен кілем жабындарындағы дақтарды кетіру;
- радиаторларды, еденде рді күшейтілген тазалау құралдарымен жуу;
- дәліздер мен холлдардағы еден плиткаларының арасындағы тігістерді өңдеу;
- дәретхана бөлмелерін өңдеу – барлық плиткаларды жуу, унитаздар мен қолжуғыштарды өңдеу (тотты, су тасын және т.б. кетіру), плиткалар арасындағы тігістерді тазалау;
- үй-жайлардың ішіндегі маңдайшалар мен бағыттаушы тақтайшаларды сүрту;
- терезелерді сүрту;
- сұйық кристалды мониторлардағы шаңды мониторларды тазалауға арналған арнайы дымқыл майлықтармен немесе микрофибра майлықтарымен және мониторларды тазалауға арналған арнайы құралмен тазалау.

	Санитариялық тораптардағы шығыс материалдары (дәретхана қағазы, қатты және сұйық дәретхана сабыны, ауа тазартқыш) Орындаушының есебінен толықтырылады. Бұл ретте Тапсырыс беруші қызметкерлерінің кен орны объектілеріндегі жалпы саны Алибекмола кен орнында – тәулігіне 189 адам; Қожасай кен орнында – тәулігіне 60 адам. Тапсырыс берушінің кен орындарындағы іссапардағы қызметкерлерінің саны Алибекмола кен орнында – жылына 704 адам; Қожасай кен орнында – жылына 302 адам. Көрсетілген мәліметтер шығыс материалдарының (дәретхана қағазы, дәретхана сабыны) шығынын есептеу үшін пайдаланылады.
2.3. Жалпы талаптар	• Барлық пайдаланылатын жуу және тазалау құралдары қауіпсіздік стандарттарына сәйкес және экологиялық таза болуы тиіс. • Тазалау беттерге зақым келтірмейтін заманауи технологиялар мен жабдықтарды пайдалана отырып жүргізілуі тиіс. • Қызметтер Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттар мен санитариялық-гигиеналық нормаларға толық сәйкес көрсетілуі тиіс. • Жабдықтар (шаңсорғыштар), жұмыс мүкәммалы, санитариялық тораптарға арналған шығыс материалдары және тазалау құралдары Орындаушының есебінен ұсынылады.
	2.4.1. Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, «Қазахойл Ақтөбе» ЖШС кен орындары (Ақтөбе қаласынан 300 км).

2.4.2. Алибекмола кен орнында жалпы ауданы – 10 734,94 ш.м. және Қожасай кен орнында жалпы ауданы – 3 398 ш.м. күнделікті тазалау қызметтер4і.

2.4.3. Алибекмола кен орнында тазалау қызметтерін ұйымдастыру:

2.4.3.1. «Мұнайшы» вахталық кенті (Ембі қаласынан 50 км):

2.4.3.1.1. «Мұнайшы» тұрғын үй кешені (182 тұрғын бөлме) – 5832,93 ш.м.

2.4.3.1.2. Бақылау-өткізу пункті – 36 ш.м.

2.4.3.2. №22 алаң (Ембі қаласынан 62 км):

2.4.3.2.1. №1 кеңсе – 470 ш.м.

2.4.3.2.2. №2 кеңсе – 775 ш.м.

2.4.3.2.3. Асхана – 36 ш.м. (санитариялық торап, қолжуғыштар)

2.4.3.2.4. Күзет қызметіне арналған ғимарат – 360 ш.м.

2.4.3.2.5. №22 алаңның бақылау-өткізу пункті – 70 ш.м.

2.4.3.3. Әкімшілік-тұрмыстық кешен – 680,10 ш.м. (Ембі қаласынан 82 км)

2.4.3.4. Мұнай және газ дайындау цехы (МГДЦ) (Ембі қаласынан 78 км):

2.4.3.4.1. Мұнай дайындау пунктінің әкімшілік-тұрмыстық кешені – 307 ш.м.

2.4.3.4.2. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бөлмесі – 108 ш.м.

2.4.3.4.3. Мұнайды демеркаптанизациялау қондырғысының операторлық бөлмесі – 27 ш.м.

2.4.3.4.4. №1 мұнайды коммерциялық есепке алу торабының операторлық бөлмесі – 18 ш.м.

2.4.3.4.5. №2 мұнайды коммерциялық есепке алу торабының операторлық бөлмесі – 12 ш.м.

2.4.3.4.6. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика операторлық бөлмесі – 24 ш.м.

2.4.3.4.7. Кезекші электршілердің операторлық бөлмесі – 15 ш.м.

2.4.3.4.8. Күзет бөлмесі – 27 ш.м.

2.4.3.4.9. Газдан қорғау қызметінің бөлмесі – 54 ш.м.

2.4.3.4.10. Қазандық қондырғылары операторларының операторлық бөлмесі – 18 ш.м.

2.4.3.5. Орталық инженерлік-техникалық қызметтің сынақ зертханасы – жалпы ауданы 306,6 ш.м. (Ембі қаласынан км) (Embі қаласынан 87 км).

2.4.3.6. Қабат қысымын ұстап тұру цехы (ҚҚҰЦ) (Embі қаласынан 82 км):

2.4.3.6.1. Шебер вагоны – 18 ш.м.

2.4.3.6.2. Бастық вагоны – 18 ш.м.

2.4.3.6.3. Операторлық бөлме – 33 ш.м.

2.4.3.6.4. Слесарь вагоны – 18 ш.м.

2.4.3.6.5. №55 «Алибекмола» ұңғымасына пилоттық айдау қондырғысының операторлық бөлмесі – 18 ш.м.

2.4.3.7. Алибекмола кен орнының мұнай және газ өндіру цехы (МГӨЦ) (Embі қаласынан 80 км): – жалпы ауданы 144 ш.м.

2.4. Объектінің орналасқан жері	2.4.3.8. Газды дайындау және өңдеу цехы (Ембі қаласынан 79 км): Операторлық ғимарат: 2.4.3.8.1. Операторлық бөлме – 13,96 ш.м. 2.4.3.8.2. Тамбур – 2,0 ш.м. 2.4.3.8.3. Санитариялық торап – 1,60 ш.м. 2.4.3.8.4. Тұрмыстық бөлме – 5,90 ш.м. 2.4.3.9. Сұйытылған көмірсутек газының операторлық ғимараты: 2.4.3.9.1. Операторлық бөлме – 16,24 ш.м. 2.4.3.9.2. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бөлмесі – 16,82 ш.м. 2.4.3.9.3. Тамбур – 2,94 ш.м. 2.4.3.9.4. Санитариялық торап – 2,55 ш.м. 2.4.3.9.5. Тұрмыстық бөлме – 4,96 ш.м. 2.4.3.10. Газды кәдеге жарату кешенін пайдалану бөлімінің сынақ зертханасы – 153 ш.м. 2.4.3.11. Механикалық шеберхана ғимараты: 2.4.3.11.1. Санитариялық торап – 1,25 ш.м. 2.4.3.11.2. Киім шешетін бөлме – 6,25 ш.м. 2.4.3.11.3. Демалыс бөлмесі – 12 ш.м. 2.4.3.11.4. Тамбур – 5 ш.м. 2.4.3.11.5. Шебер кабинеті – 12,25 ш.м. 2.4.3.11.6. Душ бөлмесі – 1,42 ш.м. 2.4.3.12. Операторлық ғимарат: 2.4.3.12.1. Операторлық бөлме – 283,2 ш.м.

2.4.3.12.2. Демалыс бөлмесі – 8,3 ш.м.

2.4.3.12.3. Қосалқы бөлме – 9 ш.м.

2.4.3.12.4. Дәліз – 6,8 ш.м.

2.4.3.12.5. Тамбур – 5,0 ш.м.

2.4.3.12.6. Санитариялық торап – 8,3 ш.м.

2.4.3.13. Операторлар бөлмесі:

2.4.3.13.1. Жұмыс кабинеті – 13,1 ш.м.

2.4.3.13.2. Демалыс және тамақтану бөлмесі – 26,8 ш.м.

2.4.3.13.3. Дәліз – 20,3 ш.м.

2.4.3.13.4. Әйелдер киім ілетін бөлмесі – 4,6 ш.м.

2.4.3.13.5. Қосалқы бөлме – 6,5 ш.м.

2.4.3.13.6. Әйелдер санитариялық торабы – 2,5 ш.м.

2.4.3.13.7. Душ бөлмесі – 2,2 ш.м.

2.4.3.13.8. Жинау мүкәммалы қоймасы – 1,1 ш.м.

2.4.3.13.9. Ерлер киім ілетін бөлмесі – 11,2 ш.м.

2.4.3.13.10. Тамбур – 1,8 ш.м.

2.4.3.13.11. Ерлер санитариялық торабы – 2,5 ш.м.

2.4.3.13.12. Ерлер душ бөлмесі – 4,4 ш.м.

2.4.3.13.13. Тамбур – 2,5 ш.м.

2.4.3.14. Бақылау-өткізу пунктінің ғимараты:

2.4.3.14.1. Кезекші бөлмесі – 10,85 ш.м.

2.4.3.14.2. Өткізу орны – 4,32 ш.м.

2.4.3.15. №4 алаң (Ембі қаласынан 15 км)::

2.4.3.15.1. №4 алаңның қойма шаруашылығы секторының кеңсесі – 124,3 ш.м.

2.4.3.15.2. Тұрғын модуль (10 тұрғын бөлме) – 310,4 ш.м.

2.4.3.15.3. Бақылау-өткізу пунктінің ғимараты – 181,2 ш.м.

2.4.4. Қожасай кен орнында тазалау қызметтерін ұйымдастыру:

2.4.4.1. «Қожасай» вахталық кенті (Ембі қаласынан 110 км):

2.4.4.1.1. №1 жатақхана (13 тұрғын бөлме) – 400 ш.м.

2.4.4.1.2. №2 жатақхана (7 тұрғын бөлме) – 220 ш.м.

2.4.4.1.3. №3 жатақхана (38 тұрғын бөлме) – 1156 ш.м.

2.4.4.1.4. Медициналық пункт – 104 ш.м.

2.4.4.1.5. Бақылау-өткізу пункті – 20 ш.м.

2.4.4.2. Қабат қысымын ұстап тұру қондырғысы (Ембі қаласынан 146 км):

2.4.4.2.1. Шебер вагоны – 50 ш.м.

2.4.4.2.2. Операторлар вагоны – 40 ш.м.

2.4.4.2.3. Киім шешетін бөлме – 21 ш.м.

2.4.4.3. Мұнай дайындау қондырғысы (Ембі қаласынан 147 км):

2.4.4.3.1. Операторлық бөлме – 68 ш.м.

2.4.4.3.2. Инженерлік-техникалық қызметкерлер вагоны – 35 ш.м.

	2.4.4.3.3. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика операторлық бөлмесі – 27 ш.м. 2.4.4.3.4. Есепке алу торабы – 30 ш.м. 2.4.4.3.5. Бақылау-өткізу пункті – 20 ш.м. 2.4.4.4. Газ дайындау қондырғысы (Ембі қаласынан 144 км): 2.4.4.4.1. Орталық басқару пультінің ғимараты – 200 ш.м. 2.4.4.4.2. Зертхана ғимараты – 150 ш.м. 2.4.4.4.3. Әкімшілік-тұрмыстық кешен – 73 ш.м. 2.4.4.4.4. Жөндеу-механикалық қызмет ғимараты – 59 ш.м. 2.4.4.4.5. Бақылау-өткізу пункті – 30 ш.м. 2.4.4.5. Әкімшілік-тұрмыстық кешен – 695 ш.м. (Ембі қаласынан 148 км)

3. Көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар

	• Осы Техникалық ерекшелікте белгіленген нормаларға, стандарттарға және талаптарға сәйкес көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге. • Персоналдың біліктілігін, медициналық кітапшаларының және тиісті сертификаттарының болуын қамтамасыз етуге.

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтауға, қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз етуге.
- Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық нормалар саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік режим талаптарын сақтауға.
- Қызметтер көрсетуді бастамас бұрын, кен орнында жұмыс істейтін Орындаушының персоналы кен орнындағы Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына (ЕҚжҚТ) жауапты маманынан кіріспе нұсқамадан өтуге және жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсат актісін алуға міндетті (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген Қызметкерлерді, басшыларды және еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерінің 41 және 43-тармақтары).
- Қызметтер көрсетуді бастамас бұрын, кен орнында жұмыс істейтін Орындаушының персоналы кен орнында өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамадан өтуге міндетті (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығымен бекітілген Ұйымдар қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларының және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптардың 10-тармағы).

3.1. Орындаушыға қойылатын талаптар	• Қызметтер көрсету кезінде Орындаушының персоналы өзімен бірге еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (ЕҚжҚТ), өнеркәсіптік қауіпсіздік (қауіпті өндірістік объектілерде қызметтер көрсету кезінде) бойынша білімін тексеру туралы куәліктің/сертификаттың түпнұсқасын және өрт-техникалық минимумнан (ӨТМ) өткенін растайтын құжатты алып жүруге міндетті (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 17 және 33-тармақтары; Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 35-тармағы; Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 79-бабы). • Орындаушының персоналы қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚжЕҚ) жөніндегі нұсқамадан өту кезінде, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде қызметтер көрсету барысында жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) (арнайы киім, арнайы аяқ киім, тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары (ТОЖҚҚ)) өзімен бірге алып жүруге міндетті. • Қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлкі мен жабдықтарына келтірілген зақым үшін материалдық жауапкершілік көтеруге.

	• Қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығындарды, оның ішінде материалдар мен жабдықтарды жеткізуге, қызметтердің толық көлемін орындауға, жұмылдыру және демобилизациялау жұмыстарына, сыйақыға, әлеуметтік қамсыздандыруға, персонал мен көлік құралдарын, құрал-саймандар мен жеке қорғаныш құралдарын ұстауға, сапаны бақылауға, атқарушылық құжаттаманың толық көлемін әзірлеуге және жүргізуге байланысты шығындарды өз есебінен көтеруге. Бұл ретте Орындаушы қызметтер көрсетудің бүкіл кезеңінде өз персоналын тамақпен және медициналық қызмет көрсетумен, сондай-ақ жұмыс орнына дейін және кері қарай өз күшімен тасымалдаумен қамтамасыз етуге міндетті. Санитариялық нормаларды сақтау, жаппай аурулардың және өзге де авариялық жағдайлардың алдын алу мақсатында Орындаушы персоналының тиісті мақсатқа арналмаған орындарда тамақтануына, сондай-ақ тамақ дайындауға арналмаған үй-жайларда тамақ әзірлеу арқылы өз персоналын тамақпен қамтамасыз етуіне қатаң тыйым салынады. • Орындаушы персоналының Тапсырыс берушінің вахталық кенттерінде тұруы Тапсырыс берушінің есебінен жүзеге асырылады. **Орындаушы міндетті:**
	• Қызметтер Тапсырыс берушімен келісілген кестеге сәйкес көрсетілуі тиіс. • Барлық жұмыстар күн сайын сағат 07:00-ден 19:00-ге дейін, сағат 12:00-ден 13:00-ге дейінгі түскі үзілісті қоса алғанда орындалуы тиіс.

	• Орындаушы Алибекмола және Қожасай кен орындарында ғимараттарды/үй-жайларды/аумақты және ұқсас объектілерді тазалау қызметтерін көрсету үшін қажетті арнайы техниканың, құрылғылардың және жабдықтардың (өзінің немесе жалға алынған) болуын қамтамасыз етеді. • Логотипі және лауазымы мен Т.А.Ә. көрсетілген бейджді бар бірыңғай түсті арнайы киімнің болуы. • Орындаушы қызметтердің үздіксіз көрсетілуін және болмаған қызметкерлерді қызметтердің көлемі мен сапасын төмендетпей ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті. • Қызметтерді көрсету үшін қажетті барлық жуу құралдары, мүкәммал және шығыс материалдары Орындаушының есебінен ұсынылады. • Орындаушы объектідегі өз персоналының жұмысын күнделікті бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша Тапсырыс берушімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. • Орындаушы қызметтерді көрсету үшін әкімшілік ұйымдастыруды және екі ауысымға жұмыс персоналын дербес қамтамасыз етеді. • Орындаушы медициналық тексеруден өткен және Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес кәсібі бойынша міндеттерін орындауға дайын персоналды қызмет көрсетуге тартады.
3.2. Қызметтерді көрсету шарттары	

	• Орындаушы шарттың қолданылу кезеңінде өз қаражаты есебінен барлық персоналын қызмет көрсету орындарына тасымалдауды (қайта вахталау, Тапсырыс берушінің кен орындарындағы объектілерге жеткізу) қамтамасыз етеді. • Қызмет көрсету орындарында болатын Орындаушының барлық қызметкерлері Тапсырыс беруші өткізетін өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығуларға қатысады. • Қызмет көрсету кезеңінде Тапсырыс беруші Орындаушыға мүкәммалды, шығыс материалдарын және тазалау құралдарын сақтауға арналған тұрмыстық үй-жайларды, сондай-ақ қызметтерді көрсетуге қажетті сумен жабдықтау мен электр энергиясын өтеусіз негізде ұсынады.
3.3. Құжаттама және есептер	• Орындаушы орындалған жұмыстардың көлемі мен сапасы көрсетілетін ай сайынғы есептерді (көрсетілген қызметтер актісін) ұсынуға тиіс. • Құжаттар шартқа және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс.

3.4. Әлеуметтік міндеттемелер	Орындаушы еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға, өзінің ұжымында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қызметкерлеріне қажетті еңбек жағдайларын жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар беруге міндетті.
3.5. Жұмыс кестесі және қосымша шарттар	33.5.1. Жұмыс әдісі – 15/15 вахталық әдіс. Жұмыс кезеңі аяқталғаннан кейін Орындаушының қызметкерлері персоналды қайта вахталауға ауыстыру жүзеге асырылғанға дейін қызметтерді көрсетуді жалғастырады. Орындаушы қызметкер ауырған жағдайда оны ауыстыруды қамтамасыз етеді. Орындаушының персоналы өз міндеттерін орындамаған және/немесе бұзған жағдайда, Орындаушы қызметкерді 2 (екі) күн ішінде ауыстыруға кепілдік береді. 3.5.2. Тазалау персоналының жұмыс кестесі – күн сайын сағат 07:00-ден 19:00-ге дейін.

3.6. Қосымша қызметтер	Орындаушы Алибекмола және Қожасай кен орындарының үй-жайлары мен объектілерінде есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, ұстағыштарды, сүйеніштерді, жанасу беттерін (қызметкерлердің үстелдері мен орындықтары, оргтехника) дезинфекциялау құралдарымен күн сайын 4 рет санитариялық өңдеуді жүргізеді. Пайдаланылатын дезинфекциялау құралдары СТ РК 2827-2016 «Құрамында үшхлоризоцианур қышқылы немесе дихлоризоцианур қышқылы және олардың тұздары бар белсенді хлор негізіндегі дезинфекциялау құралдары. Жалпы техникалық шарттар» стандартына сәйкес болуы тиіс.
Қосымшалар	
Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары	Тапсырыс берушінің вахталық кенттерінде тұратын Орындаушы персоналы Компанияның вахталық кенттерінде тұру қағидаларын сақтауға тиіс ВПК ИСМ 040-2023 «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС вахталық кенттерінде тұру қағидалары»

4.Техникалық стандарттар және нормативтік-техникалық құжаттама

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері:	ЖОҚ

Қазақстан Республикасында тіркелген мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттар:	СТ РК 3777-2022; СТ РК EN 13549-2020; СТ РК ГОСТ Р 51870-2015; СТ РК 2827-2016
Қазақстан Республикасында тіркелмеген халықаралық стандарттар:	*ЖОҚ*
Нормативтік-техникалық құжаттар:	*1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № ҚР ДСМ-13 «Өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, оның ішінде 4-қосымша «Мұнай операцияларын жүзеге асыратын технологиялық және ілеспе объектілер мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар».* *2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-52 «Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.*

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б

1	Иә	СТ РК ГОСТ Р 51870-2015	386568	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Услуги профессиональной уборки - клининговые услуги общие технические условия	Настоящий стандарт устанавливает общие технические условия к предоставлению услуг профессиональной уборки - клининговых услуг на объектах недвижимости, территориях, транспортных средствах, а также требования безопасности клининговых услуг для жизни и здоровья потребителей, сохранности их имущества и охраны окружающей среды.	Нет ()	84	Услуги	Действует	приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства инвестиций и развития Республики Казахстан от 24.11.2015 г. № 236-од	01.01.2017	

2	Иә	СТ РК 2827-2016	387128	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Средства дезинфицирующие на основе активного хлора, содержащие трихлоризоциануровую или дихлоризоциануровую кислоты и их соли. Общие технические условия	Настоящий стандарт распространяется на средства дезинфицирующие на основе активного хлора, содержащие трихлоризоциануровую или дихлоризоциануровую кислоты и их соли предназначенные	"Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" РМҚ (г. Нур-Султан, пр. Мәңгілік Ел 11)	0	Химикаты для промышленной и бытовой дезинфекции	Действует	Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 18 ноября 2016 года № 290-од	01.01.2018	

4. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-52 «Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
2	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № ҚР ДСМ-13 «Өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, оның ішінде 4-қосымша «Мұнай операцияларын жүзеге асыратын технологиялық және ілеспе объектілер мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар».

Қол қойған Урдабаева Салтанат Нурлыбековна

Қол қойылған күні 02.11.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1261810 , Услуги по уборке зданий/помещений/территории и аналогичных объектов способом Открытый тендер

Лот № 1 (23-1 У, 4554992) Услуги по уборке зданий/помещений/территории и аналогичных объектов

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Казахойл Актобе"

Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Казахойл Актобе"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	23-1 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по уборке зданий/помещений/территории и аналогичных объектов, Услуги по уборке зданий/помещений/территории и аналогичных объектов
Дополнительная характеристика	Услуги ежедневной уборки на месторождениях КОА, а также 4-х разовая ежедневная санитарная обработка поверхностей дезинфицирующими средствами
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Актюбинская область, Мугалжарский район, месторождение Алибекмола, Кожасай
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2027 (включительно)
